

## Астана- болашақтың қаласы

(эссе)

Осы эссені жазуға кіріскенде мен тезірек он бірінші сыныпты бітірсем екен деген ойға келдім. Өйткені, жоғарғы оқу орнын Астанадан оқығым келеді. Бұл- менің басты арманым. Сабақты жақсы оқысаң, арманың орындалады,-дейді ата-анам. Мен 6-сыныпта оқимын. (дәл қазір мені Астананы көр, арала деп ешкім апара қоймасын білемін).

Ал,Астанамыз күн сайын құлпырып,ай сайын ажарланып келеді, Арқа төсіндегі ару қала адам танымастай өзгергені рас.

Теледидардан көрген сайын кеудемізге қуаныш ұялап, мақтаныш сезімі пайда болады. Алыстан нұрын шашып, жарқырай көрінетін «Бәйтерек» Астананың сәнін келтіріп тұр. Ақорда-Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы.Онда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жұмыс істейді. Еліміздің тыныштығын, береке-бірлігін сақтасам деген сындарлы саясатын білемін. «Мен өз халқымның жолында, басымды бәйгеге тіккен адаммын»-деген Президент Н.Ә.Назарбаев. Елі сүйген, елін сүйген Елбасымыздың әр сөзі алтынға бергісіз Елбасы сөзі Астанамызды одан сайын ажарландыра түсетіндей!

Астана-болашақтың қаласы. Мәңгілік Елдің бас қаласы болып тарихта қалды. Мен де студент атанып, Астана қаласында оқып жүрермін. Ол кезде Астанамыз бұдан да көркейіп, гүлденіп, нұрланып сән- салтанаты арта түсетіні даусыз. Айтпақшы, менің Астана қаласына деген сүйіспеншілігім соншалық «Бәйтеректің » бейнесін изонит(жіппен кестелеу) түрінде бейнелеп . «Астана- менің сүйікті қалам» номинациясы бойынша суреттер байқауына жеке жібердім.

Жетекшім еңбек пәнінің мұғалімі Хамитова Венера Мадияровна болды.

Астана – болашақтың қаласы

Ғажап қой көркіне қарашы !

Өзіңді жырға қосады,

Мәңгілік Елдің баласы.

Иә, Астанамыздың келбеті айшықталды. Алаш баласын қойып, шетелдіктер тамсанып, таңдай қағып, сүйсіне қарайтын қалаға, рухани орталыққа айналған Астанам менің! Мен сені мақтаныш етемін. Тезірек ер жетіп, Астанамыздың одан ары көркеюіне өз үлесімді қосуға асығамын.

Ал дәл қазір Астанамды сапалы біліміммен, сапалы тәртібіммен қуантамын. Арайлы Астанам, болашаққа бас қадам!

Қайырбек Ғани 6-сынып оқушысы  
Жетекшісі мектеп кітапханашысы-  
Мухамадиева Роза Сейткамзановна